EGEMEN QAZAQSTAN

№45 (30274) 7 НАУРЫЗ, ДҮЙСЕНБІ 2022 ЖЫЛ

Жұз жылдық жылнама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Ұлттық қауіпсіздікті сақтау – ұлы міндет

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөнінде кеңес өткізді, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Жиынға құқық қорғау және арнайы органдардың басшылары қатысты.

Кеңес барысында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еліміздегі құқықтық тәртіпті күшейту, сондай-ақ ұйымдасқан қылмыспен күрестің өзекті мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев шұғыл әрекет ету және ведомствоаралық үйлестіру міндеттеріне ерекше назар аударды. Құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтердің өзара тиімді іс-қимылы қауіпсіздікке төнетін қатерді дер кезінде анықтап, алдын алуға мүмкіндік береді.

Президент қазіргі жағдайда азаматтардың қауіпсіздігін толық қамтамасыз ету және қоғам мен мемлекеттің мүддесін қорғау аса маңызды екенін атап өтті.

Жиын қорытындысы бойынша ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін нығайтуға, қоғамдық тәртіпті қорғауға және қылмыспен күреске бағытталған қосымша шаралар қабылдау жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Бауырлас елмен байланысқа серпін беріледі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның вице-президенті Фуат Октайды қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Әңгімелесу барысында олар Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестікті дамытудың перспективалары мен халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелерін талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Фуат Октайға ілтипат білдіре отырып, Түркия басшысы Режеп Тайип Ердоғанға жүрекжарды сәлемін жолдады және оның биыл мамыр айында Түркияға сапармен келу жөніндегі шақыртуын шын көңілмен қабыл алғанын жеткізді.

(Соңы 2-бетте)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тиімділігін көрсетуге тиіс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Олжас Бектенов-ті қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Суреттерді түсірген Ә.ДҮЙСЕНБАЕВ, Ғ.ӨМІРБЕКОВ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің биылғы атқарған жұмысының нәтижелері және резонанс тудырған қылмыстық істердің тексерілу барысы туралы есеп берілді.

Ұсынылған деректерге сәйкес 2 айдың ішінде 240 адамның, оның ішінде республикалық және облыстық деңгейдегі 40 басшының сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар екені әшкереленді. Олардың қатарында 1 вице-министр, 1 қала әкімі және облыстық басқармалардың 11 жетекшісі бар. Келтірілген шығынның орнын толтыру үшін күдіктілердің құны 5,4 миллиард теңге болатын мүлкіне тыйым салынды.

Президентке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің «тазалығын» қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларының орындалуы жөнінде баяндалды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының іске асырылуы туралы мәлімет берілді. Салалық ведомство жетекшісінің айтуынша, ақпан айында Парламент Мәжілісі негізсіз байығаны үшін жауапкершілік туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Квазимемлекеттік сектордағы комплаенс қызметтерінің жұмысына, сыбайлас жемқорлық үшін басшылардың дербес жауапкершілігі институтын жетілдіруге ерекше көңіл бөлінді.

Бұдан бөлек қазіргі уақытта «follow the money» қағидаты бойынша қаржылық тергеуді дамытуға, пара беру жөнінде уәделесуге және пара ұсынуға қатысты қылмыстық жауапкершілікті енгізуге және сыбайлас жемқорлық үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін күшейтуге бағытталған заңнамалық шаралар топтамасы пысықталып жатыр.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев Олжас Бектеновке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыруға және сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар тапсырма берді.

Ірі жобаларды жүзеге асыруға лайықты қолдау жасалған

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» холдингінің басқарма төрағасы Қанат Шарлапаевты қабылдады, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысына холдингтің былтырғы атқарған жұмыстары мен алдағы кезеңге арналған жоспары туралы ақпарат берілді. Қанат Шарлапаевтың айтуынша, 2021 жылы 37 ірі жобаға 533,2 миллиард теңге көлемінде қолдау көрсетілген және 7 жоба іске қосылған. 57,4 мың шағын және орта бизнес субъектісіне 2,2 триллион теңге көлемінде қаржылай көмек берілген. Сонымен қатар отандық тауар экспорттаушыларды қолдау үшін 236,8 миллиард теңге бөлінген.

Президентке ұсынылған мәліметтерге сәйкес агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасы аясында жалпы құны 464,2 миллиард теңге болатын 26 мыңнан астам қарыз берілген.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2021 жылы 130 мыңға жуық отбасының баспана сатып алғаны немесе тұрғын үй жағдайларын жақсартқаны жөнінде баяндалды. Сонымен қатар биылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша 458 мың салымшы 1,97 триллион теңгеден астам қаржы көлемінде біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдаланған.

Қанат Шарлапаев Мемлекет басшысының «Қазақстан даму банкі» акционерлік қоғамын реформалау және оның менеджмент құрамын өзгерту жөнінде берген тапсырмаларының жүзеге асырылуы туралы егжей-тегжейлі баяндады.

Бұдан бөлек Қасым-Жомарт Тоқаевқа микро және шағын кәсіпкерлікті дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтары үшін пәтер жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау тетігін енгізу жөніндегі холдингтің биылғы жылға арналған жоспары туралы мәлімет берілді. Кездесу барысында жұмыс орындарын ашуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту мәселесі де талқыланды.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 17 және 21-баптарына сәйкес және қоғамды одан әрі демократияландыру, елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы халықты хабардар ету, жергілікті атқарушы органдардың ашықтығын, жауапкершілігін, есептілігін арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

(Соңы 3-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2022 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы

«Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7-қаңтардағы Қазақстан Республикасы заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасы заңының 31-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

(Соңы 3-бетте)

Тұрғын үй кешендерінің жанынан биік үйлерді тығыз салу тоқтатылады

Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли өзінің Facebook парақшасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік инфрақұрылым, саябақтар мен балаларға арналған спорт алаңдарын салуға баса мән беру қажет деп санайтынын жазды.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан мен Алматының әкімдеріне қала тұрғындарының өтінішіне құлақ асып, тұрғын үй кешендерінің жанынан биік үйлерді тығыз салуды тоқтатуға тапсырма берді.

Мемлекет басшысы әлеуметтік инфрақұрылым, саябақтар мен балаларға арналған спорт алаңдарын салуға баса мән беру қажет деп санайды», деп жазды Президенттің баспасөз хатшысы өзінің Facebook парақшасында.

Қазақстан экономикасын нығайтуға көмек беруден айнымаймыз

Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы елшілігі өзінің Twitter парақшасы арқылы мынадай ақпарат таратты:

«Украинадағы жағдай қарқынды дамып келеді, сондықтан қазіргі уақытта ұзақ мерзімді шаралар мен олардың салдары туралы айту қиын.

Десек те, біз АҚШ санкцияларының Ресей экономикасына бағытталғанын және олардың басқа елдердің, соның ішінде Қазақстанның экономикасына әсерін азайтуға арналғанын атап өткіміз келеді.

30 жылдық серіктестігіміз көрсеткендей, біз Қазақстан экономикасын әртараптандыруға және нығайтуға көмек беруден айнымаймыз», делінген Америка Құрама Штаттарының елшілігі өзінің Twitter парақшасы арқылы тараткан жазбада.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT** 549.91 **USD/KZT** 503.3 **RUB/KZT** 4.16 **CNY/KZT** 79.65

Сыртқы саясат мәселелері талқыланды

Сенат Төрағасының орынбасары Асқар Шәкіровтің төрағалық етуімен Сенаттың Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті мүшелері Сыртқы істер министрінің орынбасары Ақан Рахметуллинмен кездесті, деп хабарлады Сенаттың баспасөз қызметі.

Онда Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарындағы сыртқы саяси және экономикалық бірыңғай бағыты мен инвестициялық саясатты қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. «Бүгінде әлемдегі геосаяси ахуалдың күрт өзгеруіне және бұрын-соңды болмаған қауіп-қатерге байланысты Мемлекет басшысының Сыртқы істер министрлігі алқасының кеңейтілген отырысында, сондай-ақ оның соңғы уақыттағы бағдарламалық сөздерінде алға қойған міндеттерді бұлжытпай орындауы аса маңызды болып отыр», деді Сенат Төрағасының орынбасары.

Сыртқы істер министрінің орынбасары Ақан Рахметуллин сенаторларды сыртқы саясаттың негізгі бағыты және мақсат-міндеттерімен, сондай-ақ елдің қазіргі басымдықтарымен таныстырды. Ол айтқан деректер бойынша, Қазақстанның тәуелсіздік таңында қаланған саяси бағытының базалық қағидатындағы сыртқы саясаттың сабақтастығы сақталып келеді және тиімділігі уақытпен дәлелденген теңгерімділік, прагматизм және ұлттық мүдделерді қорғауға негізделіп отыр.

Тәуелсіздікті, халықаралық және өңірлік ынтымақтастық пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған дағдылы сыртқы саяси бағыт та дамудың экономикалық векторына бағытталатын болады. Бұл ел экономикасына шетелдік тікелей инвестиция тарту, сондай-ақ тарифтік және тарифтік емес кедергілерді азайту арқылы қазақстандық экспортқа сыртқы нарықты кеңейту шараларын күшейтуге мүмкіндік береді.

Комитет төрағасы Мұхтар Құл-Мұхаммед кездесуді қорытындылай келіп, пандемиядан кейінгі қалпына келтіру проблемалары Қазақстанның алдына жаңа мақсаттар мен міндеттер қоятынын атап өтті. Бұл көпжақты және екіжақты дипломатияны дамыту мен жаһандық экономикалық дағдарыстың салдарын еңсеруге қатысты болып отыр. Ол үшін қабылданатын шешімнің жеделдігі, тиімділігі және ресурстарды тиісінше пайдалану маңызды болады.

Сенаторлар отырыс барысында сыртқы саясаттың өзекті мәселелерін, оның ішінде халықаралық ұйымдарда қазақстандық кадрлардың орнын басу, халықаралық шарттарға мониторинг жасау мәселелерін көтерді.

Ғылымды дамыту бойынша кеңес өткізді

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов ғылымды дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Кеңеске Президент Әкімшілігінің, салалық мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ҰКП, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және ғылыми қоғамдастықтың өкілдері қатысты.

Вице-премьер ғылымның өндіріспен өзара байланысының маңызды рөлін, халықтың еңбек табысын өсірудегі ғылымның үлкен әлеуетін атап өтті. Халықтың табысын арттыру бағдарламасының жобасында 1700 жаңа жұмыс орнын құра отырып, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті коммерцияландырудың 200-ге жуық жобасын іске асыру көзделген.

Е.Тоғжанов халықтың еңбек табысын арттыруға ғылымның үлесін күшейту жөніндегі шараларды қосымша пысықтауды тапсырды. Кеңесте ғалымдарды қолдау, ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту, ғылым, өндіріс пен бизнестің өзара іс-қимылын кеңейту жөніндегі нақты шараларды қамтитын ғылымды дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы талқыланды. Сондай-ақ Білім және ғылым министрлігі техникалық ғылымдарды, инжиниринг пен технологияларды дамытуға баса назар аудара отырып, 951 перспективалы ғылыми әзірлемелердің тізімін таныстырды. Бұдан басқа, салалық мемлекеттік органдар жанынан ғылыми-техникалық кеңестер құру арқылы жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТКЖ-ға аударымдарын бөлу тетігі қаралды.

Кеңеске қатысушылардың ұсыныстарын тыңдаған Премьер-Министрдің орынбасары зерттеулердің өндірістік ғылымға әсерін күшейту, халықаралық технологиялық компанияларда қызмет ететін жетекші ғалым отандастарды тарту, тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелердің үлесін арттыру, экономика мен әлеуметтік саланың нақты міндеттерін шешу үшін ғылыми институттардың, кәсіпорындардың зертханалық жабдықтарды бірлесіп пайдалануы бойынша шаралар қабылдауды тапсырды.

Мақсат – сайлау институтына сенім деңгейін арттыру

Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) төрағасы Нұрлан Әбдіров 4 наурызда Ақтөбе облысында саяси партиялардың, ҮЕҰ, БАҚ өкілдерімен, қоғамдық пікір көшбасшыларымен, блогерлермен, мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық ұйымдарымен, өңірдің сайлау комиссияларының мүшелерімен кездесті. Іс-шараға 320 адам қатысты, деп хабарлады ОСК-ның баспасөз қызметі.

Кездесуде сайлау жүйесі мен сайлау процестерін реформалау, сайлау институтына сенім деңгейін арттыру мәселелері талқыланды. Кездесуге қатысушылар сайлау заңнамасын жетілдіруге, сайлауды ұйымдастыру мен өткізу кезінде оның құқықтық тұрғыдан қолданылуына, аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары жұмысының ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге ерекше назар аударды. Жұртшылық Мәжіліс пен мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде аралас сайлау жүйесін енгізуді алға тартты. Бұдан басқа, электронды цифрлы қолтаңба технологияларын пайдалана отырып, электронды дауыс беру мүмкіндігінің перспективалары туралы мәселе көтерілді.

Сондай-ақ қатысушылар ұлттық байқаушыларды оқытуды жүйелі түрде жүргізуді ұсынды, өйткені қоғамдық байқау арқылы сайлау процесінің ашықтығы мен жариялылығы қамтамасыз етіледі.

Н.Әбдіров ОСК сайлау процесіне қатысушыларды, оның ішінде тәуелсіз байқаушыларды электрондық оқыту бойынша тиісті шаралар қабылданып отырғанын атап өтті.

2022 жылғы қаңтардан бастап Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының құрамында электораттық оқыту орталығы жұмысын бастады. Осы жылы өңірлерде электораттық оқытуды одан әрі жүзеге асыру үшін Қазақстанның барлық өңірлерінен 11 нысаналы топ бойынша 700-ден астам басқаларға оқу жұмыстарын жүргізетін адамдарды оқыту жоспарлануда. Дайындықтан өткендер өңірлердегі өздерінің нысаналы топтарының өкілдерін каскадты әдіспен оқытады.

ОСК төрағасы Ақтөбе облысындағы мүгедектердің құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық ұйымдармен де кездесті. Кездесу мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Тең қоғам» әлеуметтік қолдау орталығында өтті. Кездесуді аша отырып, төраға ОСК-ның маңызды міндеттерінің бірі мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын іске асыру үшін барлық қажетті жағдайларды қамтамасыз ету екенін атап өтті. Сондықтан осы бағытта жүйелі түрде жұмыс жүргізілуде. 2017 жылдан бастап ОСК жанында мүгедектердің сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобы қызмет етіп келеді.

Сонымен қатар Нұрлан Әбдіров Мемлекет басшысының бастамасы бойынша сайлау заңнамасында партиялық тізімдерді қалыптастыру кезінде енді мүгедек адамдарды әйелдер және жастармен қатар міндетті 30%-дық квотаға қосу жөніндегі норма көзделгенін атап өтті.

Қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, «Ақтөбе қаласының сал ауруына шалдыққан азаматтарды қолдау орталығы» ҚБ төрайымы Құралай Байменова мүгедек жандардың қоғамдық ұйымдары өкілдерінің көпшілігі мүмкіндігі шектеулі сайлаушыларға жағдай жасау мәселелері бойынша сайлау органдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасауды қолға алып, сонымен қатар сайлауды қоғамдық байқау жұмыстарына қатысып отырғандарын жеткізді. Сондай-ақ кездесуге қатысушылар белсенді және бәсең сайлау құқығын іске асыру, мүгедектігі бар сайлаушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, сайлау учаскелерінің қолжетімділігі және оларды жарақтандыру, сонымен бірге Брайль қарпін қолдана отырып, арнайы визуалды, графикалық материалдар жасау бойынша бірқатар мәселені көтерді.

«Ақтөбе облыстық мүгедектер қоғамы» ҚБ басшысы Алмас Жантекенов ОСК-ның осындай пікір алмасуды ұйымдастырып отырғаны жөніндегі жұмысына оң баға берді. Оның пікірінше, мұндай шара Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан» саясаты аясында тең мүмкіндіктер қоғамын құрудың пәрменді қадамдарының бірі болып табылады.

Кездесу қорытындысы бойынша Н.Әбдіров мүгедек жандардың қоғамдық ұйымдарының өкілдеріне ашық сұхбаттары үшін ризашылығын білдіріп, ОСК мұндай тұлғалардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін одан әрі жетілдіре беретінін атап өтті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

1. Барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізсін, олардың барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аудара отырып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы хабардар етсін және проблемалық мәселелерді шешудің жолдары мен мерзімдерін түсіндірсін.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері:

1) жыл сайын 15 қаңтарға дейін мыналарды:

жарты жылда бір рет облыс әкімінің әр ауданда және облыстық маңызы бар әр қалада кемінде бір көшпелі кездесуін;

республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қаланың әр ауданында тоқсан сайын кемінде бір көшпелі кездесуін;

аудан әкімінің әр ауылда, кентте, ауылдық округте, аудандық маңызы бар қалада тоқсан сайын кемінде бір көшпелі кездесуін;

облыстық және аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімінің қаланың, ауылдық округтің құрамына кіретін әр ауданда (шағын ауданда), ауылда, кентте тоқсан сайын кемінде бір көшпелі кездесуін;

ауыл, кент, қаладағы аудан әкімінің тоқсан сайын кемінде бір кездесуін өткізу көзделген әкімдердің халықпен кездесулерінің икемді жылдық күнтізбесін (бұдан әрі – күнтізбе) әзірлеп, оны мәслихатпен келісу бойынша бекітіп отырсын.

Қажет болған жағдайда күнтізбені мәслихатпен келісу бойынша түзетуге жол беріледі;

2) жыл сайын 20 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітілген күнтізбені ұсынсын.

3. Барлық деңгейдегі әкімдер:

1) халықтың талап етуі бойынша және қажет болған кезде күнтізбеден тыс халықпен кездесу өткізсін;

2) техникалық мүмкіндіктерді ескере отырып, халықтың әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда міндетті түрде пікір білдіру мүмкіндігімен онлайн-трансляциялар, сондай-ақ қажет болған жағдайда бейнеконференцбайланыс ұйымдастыру арқылы кездесулер өткізуді қамтамасыз етсін;

3) кездесу үшін жоспарланған уақыттың төрттен бірден аспайтын бөлігін баяндаманы таныстырумен, уақыттың қалған бөлігін «сұрақ-жауап» форматында өткізсін;

4) халықпен кездесулер өткізгенге дейін:

проблемалық мәселелердің пулын жасау үшін жергілікті қоғамдастық жиналысы және қоғамдық кеңестер мүшелерінің қатысуымен халықтың сұраулары мен ұсыныстарын жинау жөнінде комиссия құруды;

ашық деректердің интернет-порталына және әкімдердің блог-платформасына, сондай-ақ коммуникацияның басқа да нысандарында халықтан келіп түскен сұраулар мен ұсыныстарды жинауды және талдауды;

бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өңірлік баспа басылымдарында, радиода, ресми интернет-ресурстарда және «электрондық үкімет» веб-порталында, ашық деректер интернет-порталында, сондай-ақ әкімдіктердің (әкімдер аппараттарының) ресми аккаунттарында, әлеуметтік желілерде және барлығына қолжетімді жерлерде ақпараттық-насихат жұмысын жүргізуді;

әкімнің халықпен кездесуін өткізу туралы хабарландыруды:

облыс, республикалық маңызы бар қала және астана, аудан, облыстық және аудандық маңызы бар қала әкімі өткізетін кездесу күніне дейін екі апта бұрын;

ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан әкімі өткізетін кездесу күніне дейін бір апта бұрын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

5) халықпен кездесулер өткізгеннен кейін:

жергілікті атқарушы органдардың, прокуратура және ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңестер мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдауды өткізсін;

проблемалық мәселелерді қаржыландыру мүмкіндігін мәслихат сессиясында қарай отырып, жүйеге келтірсін;

кездесулер мен азаматтарды қабылдау аяқталған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, өткізілген кездесулердің қорытындылары туралы ақпаратты, проблемалық мәселелердің тізбесін, проблемалық мәселелерді шешудің нақты мерзімдерін, жауапты орындаушыларды көрсете отырып, оларды шешу жөніндегі іс-қимыл жоспарын бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде ресми интернет-ресурстарда және «электрондық үкімет» веб-порталында орналастыруды қамтамасыз етсін;

тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне қарай кездесулерде халық көтерген проблемалық мәселелерді шешу барысы туралы ақпаратты ресми интернет-ресурстарда және «электрондық үкімет» веб-порталында орналастырсын.

4. Әкімдіктер мен әкімдер аппараттары кездесулерге мүдделі тұлғалардың ауқымды аудиториясын, оның ішінде мәслихат депутаттарын, партиялар, қоғамдық ұйымдар мен оппозиция өкілдерін тартсын.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) жыл сайын есепті жылдан кейінгі 1 ақпанға дейін өңірлердің бекітілген күнтізбелерін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсынуды;

2) жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына және 15 тамызына дейін орталық атқарушы органдар, ұлттық холдингтер мен компаниялар деңгейінде шешуді талап ететін проблемалық мәселелердің тізбесін және оларды шешу жөніндегі ұсыныстарды жинауды;

3) әкімдердің халықпен көшпелі кездесулерінің қорытындысы бойынша халық көтерген мәселелерді шешу жолдары мен олардың орындалу барысын көрсете отырып, олардың ішінен құзыретіне кіретін проблемалық мәселелердің тізбесін орталық атқарушы органдардың, ұлттық холдингтердің, компаниялардың ресми интернет-ресурстарында орналастыруды және тоқсан сайын жаңартуды қамтамасыз етсін.

6. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп танылсын.

7. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

8. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 3 наурыз
№826

Қазақстан Республикасы Президентінің
2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің күші жойылған кейбір жарлықтарының тізбесі

1. «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 Жарлығы.

2. «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 622 Жарлығы.

3. «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 ақпандағы № 272 Жарлығы.

4. «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 403 Жарлығы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2022 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

1. Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер 2022 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі қатарынан запасқа шығарылсын.

2. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер-азаматтар 2022 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

3. Жергілікті атқарушы органдар тиісті жергілікті әскери басқару органдары арқылы 2022 жылдың наурыз-маусымында және қыркүйек-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі мерзімді әскери қызметті өткеру үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне әскерге шақырылған Қазақстан Республикасының азаматтарын жөнелтуді және мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткерген әскери қызметшілерді шығаруды қаржылай және материалдық қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.

5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 4 наурыз
№ 827